



«Самұрық-Энерго» АҚ
Басқарма шешімімен
«09» наурыз 2023 жыл
(№37 хаттама)

«Самұрық-Энерго» АҚ-да кемсітушілікке жол бермеу саясаты

1. «Самұрық – Энерго» АҚ-да (бұдан әрі - Қоғам) кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі осы саясат (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, Қоғамның Мінез-құлық кодексінің ережелеріне сәйкес, сондай-ақ Қоғам Басқармасының 2022 жылғы 10 қазандағы шешімімен бекітілген (№37 хаттама) ESG-рейтингінде Қоғамның жоғары позицияларын алу мақсатында орнықты дамуды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Жол картасын орындау үшін әзірленді.

2. Саясат Қоғамның барлық қызметкерлеріне қатысты қолданылады.

3. Осы саясаттың мақсаты кемсітушілікке жол бермеу және барлық қызметкерлердің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктері бар еңбек жағдайларын тудыру болып табылады.

4. Қоғамда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін мыналарға жол берілмейді және тыйым салынады:

1) еңбек құқықтарын іске асыру кезінде тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістігіне, қоғамдық бірлестіктерге тиесілігіне немесе өзге де мән-жайларға байланысты кемсіту;

2) азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгездікке немесе адамның қадір-қасиетін қорлауға немесе жазалауға ұшырататын әрекеттер;

3) еңбек заңнамасына және өзге де заңнамаға сәйкес қызметкердің еңбек жағдайларына, демалысқа, еңбегі үшін сыйақыға, сауықтыруға, міндетті әлеуметтік сақтандыруға, еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыруға қатысты құқықтарын бұзатын іс-әрекеттер, Еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаруға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтеу және т. б.

5. Қоғам заңнама ережелеріне, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына, Қоғамның ұжымдық шартына сәйкес қызметкерлерге еңбек міндеттерін орындау кезінде тең мүмкіндіктер беруге тырысады.

6. Құқықтары бұзылған немесе шектелген Қоғам қызметкерлері мұндай белең алған әрекеттер бойынша адам ресурстарын басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшеге, «Комплаенс» қызметіне және Қоғам Омбудсменіне шағым беру арқылы жүгінуге құқылы.